



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№1 (қаңтар, 222) 2021 жыл

ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ «ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗДІ



Халықаралық Түркі академиясы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында «Түркі әлемі: тарихи-мәдени мұра» атты халықаралық конференция өткізді.

Бірқатар бауырлас түркі мемлекеттер тәуелсіздігіне 30 жыл толатын мерейлі меже аясындағы іс-шаралардың бастамасы ретінде ұйымдастырылған алқалы жиынға ТүркПА ұйымының Бас хатшысы Алтынбек Мамаюсов, Түркі кеңесінің алғашқы Бас хатшысы Халил Ақынжы, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Әзірбайжанның алғашқы Премьер-министрі Гасан Гасанов, Қырғызстанның экс-мемлекеттік хатшысы Османкун Ибраимов, Түркі кеңесі бас хатшысының орынбасары Өмер Коджаман, Әзірбайжан Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Рашад Маммадов, Түркия Республикасының Қазақстан

Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Уфук Экиджи, Мажарстанның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Михай Галошфай, Өзбекстан Рес-публикасы Сенатының депутаты Азамат Зие, Білім және ғылым министрлігі Ғылым коитетінің төрағасы Жанна Құрманғалиева, Түркі кеңесі Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, белгілі ғалым Әділ Ахметов, Франк-фурт университетінің профессоры, Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің филология институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Невская, Татарстан Республикасы А.Х.Халиков атындағы

археология институтының директоры Айрат Ситдилов, еліміздегі дипломатиялық миссиялардың жетекшілері, бауырлас түркі елдері Ұлттық ғылым академияларының басшылары, Қазақстан Республикасының Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Ресей, АҚШ, Италия, Моңғолия, Германия, тағы басқа 20-дан астам мемлекеттен танымал түркітанушы ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Онлайн-офлайн режимде өткен басқосу барысында Түркі академиясы әзірлеген «Түркі әлемі: тарихи-мәдени Атлас» атты іргелі ғылыми еңбектің салтанатты тұсаукесер рәсімі жасалды. Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғысөзімен жарық көрген бірегей басылым әйгілі саяхатшылар мен жиһанкездер

жасаған көне карталар мен байырғы бабаларымыздың мол мұрасын көрсететін маңызды мәліметтерді қамтиды.

Айта кету керек, Атлас Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласының мазмұнына негізделген алты тақырыптық бөлімге жүйеленген.

Конференцияны Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі жүргізіп отырды. Жиынның тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып өткізіліп отырғанын атап өткен ұйым басшысы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы «Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ» деген ұстанымын Түркі академиясы әзірлеп шығарған 200-ден астам тарихи картаны қамтитын «Түркі әлемі» атласы ғылыми тұрғыда айқындай түсетінін атап өтті.

Түркі әлемінің алғашқы тарихи-мәдени атласын таныстыру рәсімнен кейін сөз алған ТүркПА ұйымының бас хатшысы Алтынбек Мамаюсов оқырманға жол тартқан бірегей басылымды жоғары бағалап, Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың бағдарламалық мақаласындағы орамды ойлардың тарихы ортақ бауырлас елдердің баршасы үшін маңызды екенін айтты.

Бұдан кейін сөз алған Түркі кеңесінің алғашқы бас хатшысы Халил Ақынжы тарихи шекаралар туралы мәселенің тарихтың еншісінде қалуы керек екенін атап өтті.

Өз кезегінде Әзірбайжанның алғашқы Премьер-министрі Гасан Гасанов сақ-скиф дәуірінен бастау алатын қазақ тарихының тамыры тереңде екенін тоқталды.

twesco.org



Услуги консолидированной и полной перевозки грузов Турция-Казахстан
KAZAKHSTAN OFIS : Kayra Logistik ve Dis Ticaret Kabanbay batyr st. 85,
Tel: +7 (701) 182 58 00; почта: kayra@kayralojistik.com

KAYRA
PROJECT AND HEAVY TRANSPORT
www.kayralojistik.com

Consolidated and full transportation services Turkey-Kazakhstan
MERKEZ OFIS: İnönü Mah. Kayışdağı Cad. Gök Plaza No: 202 D:
5 Ataşehir / İstanbul - Türkiye :mail: kayra@kayralojistik.com
Tel: +90 216 573 12 01; Fax: +90 216 573 12 36

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY
IATA ACCREDITED AGENT

**Әлемнің кез келген бұрышына
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері**

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36
Абылай хан к., 71
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01
effcket@temtour.net

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306
Ұялы тел.: +7 701 2031660
astana@temtour.net

ОРХУН МЕДИКАЛ
ДИАГНОСТИКА ОРТАЛЫҒЫ
ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР

Наши центры:
• ул. Казыбек би, д. 12в
• пр. Достық, д. 63
info@orhunmedical.kz
Call center: +7 727 222 10 78

"ALL IN ONE CENTER"

RADIOLOGY & CARDIOLOGY

www.orhunmedical.kz

- МРТ
- КТ
- ЦИФРОВОЙ РЕНТГЕН
- ДЕНСИТОМЕТРИЯ
- УЗИ
- ЛАБОРАТОРИЯ
- УЗКИЕ СПЕЦИАЛИСТЫ

ҚазҰУ - МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ

Жоғарғы оқу орнына түсу – жастардың өміріндегі маңызды қадамдардың бірі. Бұл кезеңде қателесу құқығы жоқ және сіз таңдауға жауапкершілікпен қарауыңыз керек, өйткені сіздің болашақ өміріңіз бен мансабыңыз тікелей осыған байланысты. Неліктен? Мектептегі достарыңызды ұмытыңыз, бәрі де олармен достықты сақтай алмайды, бірақ егер сіз сәттілікке жетсеңіз, онда сіз бақыттысыз! Университеттегі достарға келетін болсақ, бұл жағдайда көбінесе керісінше болады. Егер сіз өзіңіздің сүйікті кәсібіңізді таңдаған болсаңыз, онда дәл осы университетте сізді ұзақ жылдар бойы қолдайтын пікірлестеріңізді таба аласыз. Университеттің таңдауына да ақылмен қарау керек екенін ескерген жөн.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін таңдалған мамандық бойынша дайындықты қамтамасыз ететін Қазақстандағы ең жақсы университеттердің бірі деп санаймын. Бәрінен бұрын мені білім беру үдерісі қызықтырды, ол оқудың алғашқы күндерінен бастап өз мамандығыма деген қызығушылықты арттыруды, жобалық іс-шараларды жүзеге асыруды және шығармашылық әлеуетті ашудың үлкен мүмкіндіктерін қамтиды.

Мен шығыстану факультетінің 2-курс студентімін. Менің факультетімде шығыстың 8 тілін толық меңгеруге мүмкіндік бар. Мен қытай тілін оқу үстіндемін. Екі шет тілін тереңдетіп оқыту, шетелдік тәжірибеден өту ҚазҰУ-тің таңдаудағы маңызды фактор болды.

Менің университеттің бүкіл қоғамдық өміріне белсенді қатысуға деген талпынысым ерекше. ҚазҰУ-де үлкен мүмкіндіктер бар, соның арқасында мен бірнеше рет ауқымды іс-шаралардың қатысушысы болдым.

Шығыстану факультетінің 2-курс студенті
Қайратқызы М.

Жетекшісі: Қытайтану кафедрасының аға оқытушысы
Қойбақова А.С.

УНИВЕРСИТЕТ – МЕНІҢ ЕКІНШІ ҮЙІМ

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің шығыстану факультетінде оқимын. ҚазҰУ – Қазақстанның танымал жоғары оқу орындарының бірі. Шынымды айтсам, ҚазҰУ-ға түсу менің мақсатым болды, өйткені мен әу бастан гуманитарлық мамандықты таңдаймын деп шештім. Университет аумағына кіргенімде оның көп оқу ғимараттары бар үлкен жабық саябаққа ұқсайтындығына қатты таң қалдым.

Менің бұл университетті таңдаған себебім, мен мұнда лайықты білім алатыныма сенімдімін. Мұнда студенттің дамуы үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Университет студенттерге өзін жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Осында өткен төрт жыл менің өмірімдегі ең жақсы жылдар ретінде есімде қалатынына сенімдімін. Мен өз университетімді жақсы көремін! Бәрінен бұрын университетімізде студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас ұнайды. Бір-біріне деген құрмет бірінші орында. Бұл сізге ортақ тіл табысуға және ұстаздармен жақсы қарым-қатынаста болуға мүмкіндік береді. Менің университетім – бұл менің екінші үйім, себебі мен мұнда көп уақытымды өзімнің сүйікті ісіммен айналысумен өткіземін.

Менің болашақ мамандығым – аудармашы және қытай тілінің мұғалімі. Бұл менің бүкіл өміріммен айналысқым келетін мамандық, өйткені мұғалім, менің ойымша, өз білімін балаларға беретін адам ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың әрқайсысында қайталанбас жеке тұлғаны көретін және уақытын оқушыға білім беруге жұмсайтын адам. Егер біздің университетке осы жағынан қарасақ, сенімді түрде айтуға болады.

Университеттің басты артықшылығы – жоғары кәсіби оқытушылар құрамы. Болашақта мен де оларға ұқсағым келеді. Менің мамандығым бойынша өз ісінің нағыз шеберлері біздің кафедрада сабақ береді деп нық сеніммен айта аламын. Біздің университет біз оқуға келетін орын ғана емес, бұл сіз өзіңіздің барлық мүмкіндіктеріңізді іске асыратын және толық тұлға ретінде қалыптасатын ерекше атмосфера билеген мекен. Мұнда оқу үдерісі, семинарлар, тұлғалармен кездесулер, конференциялармен қатар, шығармашылық және спорттық өмір де қызып жатыр. Қысқаша және нақты айтқанда – міне, біздің болашағымыз!

Мен өзімнің университетіме, жаңадан табылған достарыма, қуанышты эмоциялар мен әсерлерге толы күндер үшін, бізді үлкен белестерге жетелейтін керемет оқытушылар құрамы үшін айтар алғысым шексіз.

Шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының 2-курс студенті
Қалдыбекова Алина

Жетекшісі:
Қытайтану кафедрасының аға оқытушысы
Қойбақова А.С.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі мақсаты – білім алушының тек қана білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан ұлттық өнерімізді насихаттау.

Ұлттық өнер – халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін күнделікті тіршілігімізде қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік бұйымдар – талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Алайда озық технологиямыз дамыған мына заманда қазір көпшілік, әсіресе, жастарымыз оған аса назар аударып жатқан жоқ. Жастарымыз интернеттің шырмауына түсіп, көп уақыттарын болмашы нәрселерге жұмсап жатады. Бұрынғы кезде тәрбие балаға ата-анасының үйреткен өнерімен берілетін. Ал бүгінде сол ата-анасының өздері балаларына жарты сағат уақытын әрең бөліп жүргенде, бұл өнерді кім насихаттамақ? Сондықтан да жоғары оқу орындарының қабырғаларында ұлттық мәдениетімізді, өнерімізді насихаттайтын қосымша қолөнер үйірмелері көптеп ұйымдастырылса, бұл студент жастарымыздың білім ала жүріп, бос уақытын тиімді пайдалануына да өз көмегін тигізеді деп ойлаймыз. Ұмытылып бара жатқан қолданбалы ұлттық өнерімізді қайтадан игере бастасақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz/> жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында құрылған «Жас шебер» қолөнер үйірмесінің басты мақсаты да осы.


Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ сәндік қолөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын көрсете білу.

Үйірме бағыты бойынша жұмыс жасай отырып, тыңдаушылар бос уақыттарын үнемді пайдалануға, адамдардың тұрмыстық сұранысын қамтамасыз ететін қолөнер бұйымдарын даярлаудың ең тиімді әдістерін меңгеруге дағдыланады. Білім алушылардың жасаған ең үздік бұйымдары университеттің мұражайларына қойылады.

Сонымен қорытар болсақ, бүгінде еліміздің білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайында ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық қолөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отыр. Өйткені жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Сондықтан басқа да оқу орындарында ұлттық өнерімізді насихаттайтын осындай үйірмелер көптеп жұмыс жасаса екен деген ниеттеміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары
Ибрагимов М.Н., Нусупбаева С.А.,
Сәткенова Ж.Б.

COVID-19 ОНЛАЙН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН НЕМЕСЕ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ҚАЛАЙ ДАМЫТТЫ?



ді. Басқаша айтқанда, пандемия білім беру жүйесіне онлайн-оқытудың енуіне ықпал етті.

Әрине, бұл процесс Қазақ Ұлттық университетінің оқытушылары үшін де, студенттері үшін де қиын болды. Қысқа мерзімді перспективада перифериялық аймақтардағы байланыстың нашарлығымен байланысты техникалық шектеулер, интернет құны және ZOOM немесе Microsoft Teams сияқты мобильді қосымшаларға қол жеткізу сапалы білім беру үшін кедергі болып табылды. Оқытушылар де, студенттер де интернетте жұмыс істеуге және оқуға дайын емес еді. Бұрын сыныпты толық басқаратын мұғалімдер енді тиімді қарым-қатынас орнатуға тырысты. Керісінше, оқушылар материалды түсінуде оқытушылардың қосымша қолдауын қажет деп санайды.

Осы қысқа мерзімді шектеулерге қарамастан, желілік оқыту білім беру жүйесін кеңейтуге баға жетпес үлес қосылып жатыр. Студенттерге курстарды таңдау мүмкіндігі артып, жаппай ашық онлайн курстар қатысу мүмкіндіктері туып отыр., ҚазҰУ ұсынған онлайн-курстардың саны 400-ден асты және студенттердің көпшілігі дерлік осы курстарға қатысып, білімін дамытуда. Дегенмен дәстүрлі сынып ішіндегі дәрістермен салыстырғанда оқытушылардың онлайн режимінде оқытуды бақылауға алу үрдісі әрине аздап төмендейді. Сондықтан студенттердің сабаққа белсенділігі де нашарлап жатқанын айта кеткен жөн.

Қорыта келе айтарымыз, желілік оқытудың ілгерілеуі және оның оқу тиімділігі көбіне оқушылардың сабақтан тыс уақытта жоғары деңгейде оқуына байланысты. Осы мақсатта оқытушылар оқушылардың сабақтан тыс уақытта белсенді оқуларын күшейту үшін олардың үй тапсырмаларын және оқу талаптарын барынша жақсарту үшін әртүрлі әдістерді қолданып, барынша күш-жігерін төгу керектігін айта кету жөн деп санаймыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика және физика-техникалық факультетінің аға оқытушылары Б.Н.Бекмашева, Б.Қ. Иссабаева

«ТАРИХ – ҒАСЫРЛАР КҮӘСІ»

Биылғы жылдың еліміздің тарихындағы, халқымыздың тағдырындағы алатын орны ерекше. Биыл біздің мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне 30 жыл. «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық», – деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей бұл ғасырда өмір сүріп отырған барша ұрпақ ғылым саласында өзіндік жол салар дара ұрпақ болуы тиіс.

1465 жылы Қазақ хандығының ең алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтерген болатын. Бұл оқиға қазақ халқының тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Ол ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық аумағын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарды. Ата-бабаларымыз бірлік, ынтымақтық, тұтастықтың «ұлы үлгісін» көрсетті. Біз осы ата-бабаларымыздың жеріміз үшін қасық қаны қалғанша күрескен ерліктерін жастарымызға насихаттап отыруымыз қажет. Осыған орай Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің дайындық кафедрасында оқитын қазақ диаспора өкілдерінің тыңдаушылары арасында «Тарих – ғасырлар күәсі» атты сайыс кеші өтті. Сайысқа алдын ала он тыңдаушы іріктеліп алынды. Әрқайсысының реттік саны белгіленді. Сайыстың ережесімен жүргізушілер таныстырып өтті. Қазақстан тарихына қатысты сұрақтар, суреттер мен карталар бойынша сұрақтар қойылды. Тыңдаушылар белсенді атсалысып, өз білімдерін көрсетті, өз ойларымен бөлісті. Сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Бұл іс-шара тыңдаушылардың тарихи оқиғалар тізбегін еске түсіруіне, өткенді еске түсіре отырып, болашаққа бағдар алуына ықпалын тигізді деп ойлаймыз.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары Сапаева Г.Е., Нусупбаева С.А.; Ибрагимова М.Н.**

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАБАЛАР АМАНАТЫ!

Тәуелсіздік – бабаларымыз аңсап кеткен аса қадірлі кезең. Бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр. Егемендікке қол жеткізгенімізге азғана уақыт болса да біршама ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетіп отырмыз. Ащы термен, тасқа қашалған таңбамен, топыраққа сіңген қанмен келген ұлы жеңісімізді қадірлей білуіміз керек. Осы орайда еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жүректі тебіrentпей қоймайды. Өз сөзінде Мемлекет басшысы жерге қатысты алыпқашпа сөздерге нүкте қойып, егеменді еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктерін жазған. Сонымен қатар, мемлекеттік тіліміздің өрісін кеңейтуге қатысты ойы айтылған. Болашаққа қадам басу үшін өткенге тағы да оралу керек. Еліміздің тарихын зерттеумен саясаткерлер емес нақты тарихшылар айналысу керектігін қадап айтты. Президентіміз кезекті мақаласында еліміздің бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері мен еңсерген биіктерін тізіп өтті. Мемлекетіміздің басшысы осы 30 жылды үш онжылдыққа бөліп, әрқайсысында атқарылған миссияларды жеке-жеке атап айтты. Президентіміздің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген ұранын қолдай отырып, сол үшін аянбай еңбек етуіміз қажет. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> оқытушылары түрлі іс-шаралар атқара отырып жастарымызға тәуелсіздігімізді насихаттайды. Бүгінгі таңда пандемияға қарамастан онлайн түрінде де егемендігімізді дәріптейтін тәрбиелік сағаттар өткізілуде. Жастарымыздың патриоттық рухын көтеріп, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру әрбір оқытушының алға қойған мақсаттарының бірі. Тәуелсіздік – бабалар аманаты, оны қастерлеу біздің міндетіміз!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А.,
Сапаева Г.Е.**

ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жас ұрпақ біздің болашағымыз, сондықтан оларға кәсіби білім берумен қатар өз мамандығын сүйеге, қызығушылығын арттыруға жол ашатын саясаттар қолға алыну керек. Осы ретте Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетел тыңдаушыларына, соның ішінде шетелден келген қандастарымызға білім және тәрбие беруде жоғары нәтижеге ие екендігін айта кетуімізге болады.

XXI ғасыр озық және жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда білім жүйесінде де осы технологияларды заман талабына сай, кеңінен қолдану сапалы білімге жетелейді. Әсіресе халықаралық деңгейдегі кредиттік жүйеге өткен жоғарғы оқу орындарында білім алушыға инновациялық үрдісте білім берудің жаңа жолдарын ашары сөзсіз. Ал «инновация» деген ұғымға қысқаша тоқталатын болсақ, бұл нақты қойылған мақсатқа, ойға алынған жаңа нәтиже. «Инновация» деген ұғымды кейбір авторлар «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық» деп атауға болатындығын атап көрсетеді. Демек инновациялық технологияларды пайдалану дегеніміз тек қана жаңа әдіс ойлап табу деген сөз емес, сонымен қатар бұрын қолданып келген әдістерге жаңаша түр беру немесе сол әдіске өзгеріс енгізу болып табылады.

Шетелден келген өзге ұлт өкілдеріне тарихты лекция түрінде ғана оқыту бұл қателік. Өйткені тарихымызға қатысты дүниелердің барлығын құр сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Сондықтан

неғұрлым көрнекіліктерді көбірек қолдану керек. Көрнекіліктерді қолдана отырып сабақ түсіндіру бұрыннан да қолданылып келе жатқан әдістердің бірі екенін ескере кеткен жөн. Біз тек бұрын қолданып келген әдістерге жаңа түр береміз. Көрнекі құралдар қашанда педагогтің ауызша айтқан сөздерін нақтылайтын, бекітетін оқыту әдісінің тиімді түрі болып табылады. Көрнекіліктердің ішінде карта, диаграмма, кесте, таблица, плакат немесе борды пайдалану керектігін айтпасақ та жеткілікті. Бүгінгі күнгі пандемия жағдайында көрнекіліктерді тіпті арттыру қажет.

Қорыта келсек, Отан тарихын түсіндіруде заманауи жаңа технологияларды қолдану – оқытушыға сабақты жоғары сапада өткізуге пайдалы және тыңдаушының түсінігіне орасан зор әсерін тигізіп, білім сапасын жоғары деңгейде көтереді. Сонымен қатар, тыңдаушыларды оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен қызығушылығына ықпал етеді. Сондықтан да осындай түрлі әдістерді сабақта қолдану тыңдаушының тәрбиесіне де жақсы ықпал етеді деген ойдамыз.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары Сәткенова Ж.Б.,
Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А.**

ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ – БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛЫС

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ректоры, т.ғ.д., академик Ғ.М.Мұтанов сапалы адам капиталы «білім қоғамын» қалыптастырудың негізгі факторы екенін атап өтіп, ол үдерісте жоғары оқу орындарының маңызды орнын айқындап берді: «Бұл үдерісте жоғары оқу орындарының алатын орны ерекше. Университеттер инновациялық экономиканы дамытуда зор рөл атқарады. Осы орайда, Елбасымыз «жаңа Қазақстанның білім мен ғылымының форпосты» деп атаған еліміздің жоғары оқу орындарының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті де Ел мұратына жетуге қосар үлестеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Білім ордасы ғылыми дәстүр сабақтастығын үзбей, шығармашылық өрісін жылдан-жылға кеңейтіп келеді. Алға қойып отырған әлемдік деңгейдегі мақсаттары да ауқымды», – деп көрсетті.

Қара шаңыраққа айналған ұлттық университетіміз ең бірінші болып оқу жүйесіне кредиттік технологияда білім беруді толығымен енгізгенін айрықша атап өткен жөн. Халықаралық сапаға лайық етіп мамандарды дайындауда бұл көптеген дамыған елдерде қолданылатын технологияның біздің елде, ҚазҰУ-да толығымен енгізу мәселесі күрделі үрдіс болды. Ең басты артықшылығы кредиттік технологияға сай оқу бағдарламаларын, стандарттар мен интранет жүйесін, педагог-кадрларды жаңашылдыққа үйрету мәселелері кешенді түрде тез арада қолға алынды.

Киелі қара шаңырақ астында ғылыми-зерттеу бағытында маңызы бар, ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда, халықаралық ғылыми институттар мен орталықтармен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасу мәселесі қарқынды дамып жатқанын ескерген жөн. Оқытушылар мен студенттер тәжірибе алмасу мақсатында шетелдерге баруға, оқуға мүмкіндіктер алды.

ҚазҰУ қабырғасында жаңа жүйедегі ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, бүгінгі талапқа сай жабдықталған ғылыми зертханалар жұмысы іске қосылды.

Сонымен қатар, университет жастарының білім алу барысында тек отандық ғалымдарымыздың дәрістерін тыңдатумен ғана шектелмей, шетелдің беделі жоғары, танымал ғалымдарын арнайы дәріс оқытуға шақырып, жиі тәжірибе алмастыруға ден қойып отыр. ҚазҰУ тәжірибе алмасу, ынтымақтастықты дамыту және студенттер мен оқытушылар ұтқырлығын дамытып, екі жақты алмасып оқытуда, сонымен бірге заманауи халықаралық білім бағдарламалары бойынша әлемнің ең ірі 400-ден аса университетімен әріптестік орнатқан.

Бұл жоғары оқу орнының білім мен ғылым дамуына қосып отырған үлесін беделді халықаралық ұйымдар да атап көрсетуде. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті QS топ-университеттер рейтингісінде әлемдік 200 топ университет арасында 165-ші орынды иеленді. Бұл сатыны бағындыруы бізді одан әрі жігерлендіріп, қанаттандырады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғылым, білім беру мен инновацияның орталығы ретінде жаңа технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді алдағы уақытта да жоғары деңгейде енгізіп, қалыптасқан Қазақстан Республикасының дамуына айтарлықтай өзіндік үлес қосып, ең үздік, әлемдік деңгейдегі университеттер қатарынан орын алатыны анық.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары
Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н.,
Сапаева Г.Е.**

«УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҮЙРЕНУ»

Уақыт – адам өміріндегі ең баға жетпес құндылық. Бұл құндылықты қайтадан қалпына келтіре де алмаймыз, қайтара да алмаймыз. Бүгінгі күндегі жаһандық үдеріске байланысты, біз уақытты қаншалықты тиімді пайдаланып жүрміз деген ойда, жастардың пікірін білу мақсатымен Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО дейінгі білім беру факультетінің ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының <https://www.kaznu.kz> оқытушылары 7, 2, 4, 13, 14 топ тыңдаушыларымен 2020 жылдың 23 желтоқсанында Zoominstaller қосымшасында, «Уақытты тиімді пайдалануды үйрену» атты тақырыпта пікірталас түріндегі тәрбие сағатын өткізді. Пікірталас барысында оқытушылар тыңдаушыларға уақыттың құндылығын түсіндіріп, уақытты қалай тиімді пайдалануға болатындығы жөнінде өз ойлары мен ұсыныстарын айтты.

Тыңдаушылармен Абай атамyzдың он бесінші қара сөзіндегі мына жолдар: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» тал-

данып, Абай атамyzдың ұлағатты сөздерінің бүгінгі таңда өзекті болып отырғандығы талданды. Осы орайда тыңдаушылардан уақытты үнемдеуге, бос өткізбеуге байланысты қандай әрекеттер жасайтындығы жайлы пікірлері сұралды. Жалпы уақытты үнемді пайдалану үшін, мына қағидаларға көңіл бөлу керек екендігі түсіндірілді. Мысалы: біріншіден, алдымен тұлға өзінің нақты сүйікті ісін тауып, соны атқару барысында нақты жетістіктерге жету мүмкіндігі жоғары болатындығы түсіну; екіншіден, алдағы нақты уақыт аралығына жасалатын істердің жоспарын құру; үшіншіден сол жоспарларды іске асыруын тездететін іс-әрекеттермен айналысу; төртіншіден, жоспар бойынша нақты бір істі аяқтағаннан кейін ғана келесі іске көшу; бесіншіден, бүгін бітіруге болатын істі ертеңге қалдырмау т.б. маңызды кеңестер айтылды.

Қорыта келгенде, жастарды күнделікті өмірде уақытты жоспарлай білуі, уақытты тиімді пайдалануы, босқа өткізбеуге тәрбиелеуге байланысты пайдалы кеңестер берілді.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары Аширбекова Қ.С., Мужигова Г.М., Жұмәділ Г.

ҒАСЫР АДАМЫ – ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ

Қазақстанның қарқынды дамуына өз үлесін қосқан қазақтың зиялы азаматтары өте көп. Солардың бірі, тарихта өзінің өшпес ізін қалдырған 1960-1962 жылдары, 1964-1986 жылдар аралығында Қазақстанды басқарған, қазіргі уақыттағы көп жастарға үлгі болатын тұлға – Д.А.Қонаев.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында <https://www.kaznu.kz> Д.А. Қонаевтың 12 қаңтар туған күніне орай С.Әшімбаев атындағы «Парасат» клубының ұйымдастыруымен «Ғасыр адамы – Д.А.Қонаев» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде «Парасат» клубының мүшелеріне 1912 жылы Алматы қаласында дүниеге келген аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, КСРО және шетел ордендері мен медальдарының иегері – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірбаяны таныстырылды. Сонымен қатар, Д.А.Қонаев ел басқарған жылдары 68 жұмысшылар кентімен 43 қала пайда болды. Бір Алматының өзінде «Алатау», «Қазақстан», «Достық» қонақ үйлері, Ұлттық кітапхана, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты, Медеу спорт кешені, Республика сарайы, Спорт және Мәдениет сарайы, авто және аэро, теміржол вокзалдары салынды. Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік

жасау зауыттары құрылды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-нан астамын, мырыштың 40-нан астамы қазақ жерінде өндірілді. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды. Осындай Д.А.Қонаевтың сіңірген еңбектерімен таныстырғанда клубтың мүшелері таңқалыстарын жасыра алмады. Дөңгелек үстелдің соңында Ұлы тұлғаның 90 жылдығына орай 2002 жылы қаңтар айында ашылған мұражайы, 2012 жылы 12 қаңтарында ашылған Д.А.Қонаевтың мемориалдық пәтер-мұражайымен таныстырылып, ол жерде сақталған әр мемлекет басшылары, атақты тұлғалар сыйлаған сыйлықтар, 7000 мыңға жуық кітаптары, жұбайы Зуhrаның ыдыстары, 400 жуық оттықтар, қарулар тарихына қысқаша тоқталып өттік.

Қорыта келе, біздің кез келген іс-шараны өткізудегі түпкі мақсатымыз ұлтжанды, елім-дін азаматтарды тәрбиелеу. Оларды тәрбиелеуде Қ.А.Қонаев сияқты тұлғаның жүріп өткен жолы, еліне сіңірген еңбегі, сүйген жарына деген махаббаты, қарапайымдылығы үлгі боларлықтай.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары Нусупбаева С.А., Аширбекова Қ.С., Ибрагимова М.Н.

ЖАСТАР және ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының <https://www.kaznu.kz> тыңдаушылары шет елден келген қандастарымызбен сабақтан тыс уақыттарда өзекті тақырыптарда тәрбие сағаттарын өткізіп отырады.

ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары 7, 2, 4, 13, 14 топ тыңдаушыларымен Zoominstaller қосымшасында, «Жастар және әлеуметтік желі» атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты тыңдаушыларды әлеуметтік желілердің пайдалы және зиянды жақтарын ажырата білуге, сандық сауаттылықтарын артырып, жастардың әлеуметтік желілерді сапалы пайдалануға тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда, өміріміздің күнделікті үдерісіне, әлеуметтік желілердің маңызды орынға ие болып алғандығы жасырын емес. Бірақ, сол әлеуметтік желілерге тәуелділігіміз артып, бір күн пайдаланбасақ өзімізді бір нәрседен құр қалғандай сезінетіндігіміз белгілі. Әлеуметтік желілерді шектен тыс пайдаланудың және әлеуметтік желіге тәуелділіктің зиянды екендігі тыңдаушыларға айтылды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі виртуалды достықтан, виртуалды махаббаттан көп жастарымыздың жапа шегіп жатқандығын да баса айтып өткіміз келеді. Әрине, заман талабына сай жаңа ақпараттардың толқынында болу үшін, ақпарат алмасу үшін әлеуметтік желілердің маңызы жоғары.

Қорыта келе, жастарымызда әлеуметтік желіні пайдалану мәдениетін қалыптастырып, тәуелділікке ұшырамай, тек тиімді тұстарын алып, зиянды жақтарынан аулақ болуға үйрету.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары Дауытова Ж.К., Жұмәділ Г., Аширбекова Қ.С.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС ЖҰЛДЫЗЫ – ӘЛИЯ МЕН МӘНШҮК

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында <https://www.kaznu.kz> С.Әшімбаев атындағы «Парасат» клубының ұйымдастыруымен ZOOM платформасында «Қазақтың қос жұлдызы – Әлия мен Мәншүк» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатын аға оқытушы С.А.Нусупбаева: «Тарихта әділетсіз 38 мемлекет қатысқан 1914-1918 жылдары бірінші және 1939-1945 жылдары 61 мемлекет қатысқан екінші дүние жүзілік соғыстар болды. Қазақстанның жерінде бұл соғыстар болмаса да, Ресейдің құрамында осы соғыстарға қатысқанын білеміз. Бірінші дүние жүзілік соғысқа тек қара жұмысшы ретінде қатысса, екінші дүние жүзілік соғысқа 1 млн 200 мың әскерін жіберіп, оның тек 600 мыңы өз елдеріне оралды. Қазақстанның 497 әскері батыр атағын алса, соның ішінде 97 қазақ, сол 97 қатарында 2 қазақ қызы Әлия мен Мәншүк бар болатын» деп, кіріспе сөзімен бастады. Әлия мен Мәншүктің өмірбаяндарына тоқталып, ерліктерін атап, хаттарынан үзінділер оқылып, видеолар көрсетілді. Клуб мүшелерін өздерімен қатар жастағы қазақтың батыр қыздарының ерліктерімен таныстыру арқылы көздерінен жарқ еткен жалынды көруге болады.

Қорытындылай келе жастарға айтарымыз: Неміс әскерлері Кеңес Одағының жеріне 1941 жылы басып кіргенде Әлия небәрі 16 жаста, Мәншүк 18 жаста болған еді. Сондай жас болғандарына қарамастан жүректеріндегі Отанға деген махаббаттары олардың мәңгілікке тарихта есімдері қалатындай ерлік жасауына алып келді. Мәншүк 1943 жылдың 15 қазанда, Әлия 1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысын қорғауда қаза тапты. Көздерінің тірі кезінде есімдері шыға бастаған қазақ қыздары бір облыста соғысса да кездесу мүмкіндігі болмаған. Соғыстың аяқталғанына биыл 76 жыл, Мәншүк Мәметованың туғанына 2022 жылы 100 жыл, 2025 жылы Әлияның туғанына 100 жыл толады. Осы айтулы оқиғалар ұмытылмай мемлекеттік дәрежеде аталып өтсе екен деп тілейміз. Әлия мен Мәншүк апаларымыз Ұлы Отан соғысының батырлары болса, қазіргі жастар сіздер өз білімдеріңізбен Қазақстанның атын әлемге әйгілі ететін бейбіт күннің батырлары болыңыздар!

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары Ибраимова Ж.Т., Дауытова Ж.К., Мужигова Г.М.

ҚАРТТАРЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН!

Жоғары оқу дейінгі дайындық кафедрасында қаңтар айында 2, 4, 7, 13, 14 топтарының кураторларының ұйымдастыруымен <https://www.kaznu.kz> «Қарттарымыз аман болсын» атты тәрбие сағат өткізілді. Қарияларын тек қарттар күні ғана емес, күн сайын алақанына салып сыйлайтын тәрбиелі қазақ халқының ұрпағымыз. Сондықтан тек бірінші қазан күні ғана емес, жылдың 365 күннің кез келген күнін қарттарымызға арнаймыз. Осыдан тура 30 жыл бұрын, яғни 1990 жылы желтоқсан айының он төртінде БҰҰ Бас Ассамблеясының №45/106 қарары бекітілді. Халықаралық қарттар күні 1991 жылдың 1 қазанынан бастап атап өтіліп келе жатыр. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес, қарт адамдарға 60-74 жас, кәрілерге 75-89 жас, ал ұзақ жасаушыларға 90-нан асқандар кіреді. Бұл мереке XX ғасырда пайда болды. Басында Қарттар күні Еуропада, кейін Америкада тойланған, ал 80 жалдардан баста дүние жүзінде аталып өте бастады. Бұл күні аз қамтамасыз етілген қарт адамдар, жалғыздыққағы зейнеткерлер мен қарт мүгедектер құрметке бөленеді, сондай-ақ оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек көрсетіледі. Қазақ қоғамында «қарттар үйі» дейтін түсініктің өзі болмаған. Бұл Кеңес заманынан бастап біздің түсінікке енген пайым. Өкініштісі қазіргі уақытта әке-шешесін қарттар үйіне өз

қолдарымен алып барып өткізетін қазақ балалары да көбейді. Статистика комитеті ұсынған ресми ақпаратқа сүйенсек 2016 жылы еліміздің зейнет жасындағы азаматтардың саны 2 миллионнан асқан. Ал олардың 1 пайызға жуығы, яғни 18 821 зейнеткер қарттар үйінде өмір сүреді. Жыл сайын өткен сайын қарттар үйіндегі зейнеткерлердің саны өсу үстінде.

Қорыта келе айтарымыз, біз өткізген тәрбие сағатының алдына қойған мақсаты қарттар күнінің тарихымен, қазақтың салт-дәстүрімен, тәрбиесімен таныстыра отырып, қазіргі уақыттағы жастардың ата-бабамыздың қалдырған үлкендерді сыйлау, өздерінің ата-аналарын құрметтеу ғасырлар өтсе де ескірмейтін, жыл сайын жаңарып тұратын тәрбие екенін түсіндіру. Қазіргі студент біреудің ұлы, қызы, ертеңгі маман, әке, ана. Сондықтан мұндай мағынасы терең тәрбие сағаттары олардың жадында қалатынына сенімдіміз.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары Нусупбаева С.А., Сәткенова Ж.Б., Ибрагимова М.Н.